Әлемдік тәжірибе Индустрия 4.0 қоғамы білім беру жүйесін түбегейлі өзгертуді қажет ететінін көрсетті. Бұл трансформация білім берудің алдында өскелең ұрпақтың ХХІ ғасырдағы негізгі құзыреттіліктері мен дағдыларын, жоғары технологиялық өндіріс мамандарына қажетті бірегей интеллектуалды қабілеттерін дамытуды көздейтін күрделі міндеттер қояды. STEM-тәсілдің негізгі мақсаты дәстүрлі білім беруге тән практикалық мәселелерді шешуден оқшаулануды жеңу және оқу пәндерінің арасында білім алушыларға түсінікті байланыс орнату болып табылады (The concept of STEM education, 2023).

STEM (Science, Technology, Engineering, Mathematics) жаңа білім беру тенденциясы жаратылыстану-математика пәндерінің циклі, технология, информатика және инженерия тәсілдерін (негізінен «Робототехника» пәні арқылы) шынайы өмірден алынған нақты мәселелерді шешуге арналған біртұтас оқыту жүйесіне біріктіруге негізделген оқытуға басқаша көзқарасты білдіреді. STEM білім берудің негізгі құрамдас бөліктері – ғылым, технология және инженерия, сондай-ақ математика және АКТ – қазіргі өмірдің барлық салаларын қамтиды және Индустрия 4.0 жұмыс істеуі мен дамуының негізгі көрсеткіштері болып табылады (Karaev et al., 2022)

Жаһандық STEM жүйесіндегі жаңа тренд білім беру робототехникасы болып отыр, бұл пән STEM-нің барлық төрт компоненттерінің біріктірушісі бола отырып, бағдарламалау және жобалау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Қазақстанда STEM-технология негізінде орта білім беру мазмұнын қайта құрылымдау жүзеге асырылуда. Соңғы кездегі көптеген отандық және шетелдік ғылыми зерттеулерде STEM-тәсілді енгізу бойынша бірқатар қиындықтардың туындайтыны көрсетілуде. Қазақстанда STEM білім беру идеяларын жүзеге асырудың бірыңғай тәсілі жоқ. Кейбір алдыңғы қатарлы мектептерде негізінен «Робототехниканың» бастапқы негіздерін зерттеумен, АКТ пайдалана отырып зертханалық жұмыстарды жүргізумен және оқу үдерісінде жобалық-зерттеу әдістерін қолданумен сипатталатын STEM тәсілінің элементтері енгізілуде (Altynsarin, 2022).

Робототехниканы оқыту көптеген артықшылықтарды берсе де, оны енгізу кезінде педагогтар бірқатар қиындықтарға тап болуы мүмкін. Кейбір кең таралған мәселелер: білім беру робототехникасы жинақтары мен жабдықтарына қол жетімсіздік, көптеген мұғалімдердің робототехникамен тәжірибесінің аз болуы, робототехниканы басқа пәндердің оқу бағдарламасына біріктіруге байланысты шектеулер, оқушылардың мотивациясына кері әсер ететін факторларға байланысты қиындықтар және т.б. (Dong et al., 2020) Робототехниканың білім беруге тиімді интеграциясын қамтамасыз ету үшін осы мәселелерді шешу маңызды. Мысалы, бір зерттеулерде STEM білім берудің қиыншылықтары ретінде уақыттың жетіспеушілігі, мектептің құрылымының сәйкес келмеуі, емтихандардың әсері айтылса, тағы бір зерттеу бұл тізімге мектеп жүйесінің қолдауының жоқтығын және зертханалық жабдықтардың нашар жағдайын қосты (Ejiwale, 2013). Сондай-ақ, тағы бір негізгі кедергі - барлық төрт STEM пәнін ғана қамтитын емес, сонымен қатар

интеграцияны оңай және үздіксіз етуге арналған оқыту ресурстарын табу немесе дайындаудың қиыншылығы. (Davis et al., 2017).

STEM білім беруде тек мұғалімдер ғана емес, оқушылар да кедергілерге тап болады. Атап айтқанда, кейбір зерттеулерге сәйкес, 12-13 жас аралығындағы білім алушылар STEM білім алуға байланысты тақырыптарға қызығушылықтарын жоғалтады, бұл мазмұнның өзектілігін көре алмауымен ғана емес, сонымен қатар осы салалардағы өз қабілеттеріне деген сенімділіктің жоғалуымен де байланысты (Lindahl, 2003). Бір пәннен екіншісіне ауысу кезінде эпистемикалық кедергіге байланысты STEM педагогикасының тұжырымдамасын жасау қиын. Оқытудағы эпистемикалық кедергі студенттің қандай-да бір ұғымды түсінуі шектеулі болған кезде пайда болады, бұл оқу процесіне кедергі жасайды. Студенттер басқа ұғыммен бетпе-бет келгенде бұрын алған білімдерін қолдануда қиындықтарға тап болуы мүмкін (Leung, 2020).

Мұғалімдер жаратылыстану, математика және инженерия арасындағы байланыстарды жақсы біледі, бірақ технологияны оқу бағдарламасына біріктіру қиын. STEM педагогтары да пәнаралық интеграцияны жүзеге асыру кезінде әртүрлі белгісіздіктерге тап болады (Aslam et al, 2023). STEM курс мазмұнының жай ғана түсінігі емес, болашақ ғалымдарды, математиктерді, инженерлерді, суретшілерді және технологиялық кәсіпкерлерді дайындау процесі. Мақсат – жастарды терең, логикалық және сыни тұрғыдан ойлай отырып, әлемдегі ең өзекті мәселелерді шеше алатын жаңашыл, педагог, зерттеуші және көшбасшы болуға дайындау (Aslam, et al, 2023).

Материалдар мен негізгі әдістер. Зерттеу жұмысына қатысты негізгі ұғымдар мен құралдарды қарастырайық.

1. Заттар интернеті (IoT). Заттар интернеті (IoT) біздің технологиялармен қалай өзара әрекеттесетіндігімізге елеулі өзгерістер әкелді және денсаулық сақтау, көлік, өндіріс және ауыл шаруашылығы сияқты өміріміздің көптеген салаларына әсер етті. Заттар интернеті (IoT) құрылғыларға бір-бірімен қосылуға және өзара әрекеттесуге мүмкіндік бере отырып, әртүрлі қосымшаларда қолданылатын деректердің үлкен көлемін жасайды. IoT құрылғыларында адамның араласуынсыз деректерді жинау, талдау және тіпті шешім қабылдау үшін интеллектуалды мүмкіндіктер болуы мүмкін (Kazhenova et al., 2022)

Технологиялық құрылым мен экономика талаптарының өзгеруі жағдайында болашақ кадрларды даярлау, олардың цифрлық экономиканың білімі мен дағдыларын меңгеру саласында жаңа тәсілдерге қажеттілік туындайды. Цифрлық экономикаға мамандану саласындағы осындай бағыттардың бірі – Заттар интернеті (IoT). Тұтыну нарығында IoT технологиясы смарт үй тұжырымдамасына қатысты өнімдермен синоним ретінде қатар қолданылады. Ол бір немесе бірнеше жалпы экожүйені қолдайтын және смартфондар сияқты осы экожүйеге байланысты гаджеттер арқылы басқарылатын құрылғыларды (мысалы, жарықтандыру құрылғылары, үйдегі қауіпсіздік жүйелері, бақылау камералары) қамтиды (Belousova, 2023).

Заттар интернеті (IoT) - бұл сенсорлармен, орындаушы және байланыс құрылғыларымен жабдықталған физикалық нысандардың процестерді автоматтандыру және шешімдерді қабылдау үшін интернет арқылы деректерді жинайтын, жөнелтетін және өңдейтін таратылған жүйелерді құру тұжырымдамасы. IoT қосымшаларын құру бірқатар негізгі ұғымдар мен құраушы компоненттерге негізделген, оларды түсіну заттар интернеті қосымшаларын жобалау және әзірлеу үшін өте маңызды.

1. Құрылғылар (Заттар)

Заттар интернеті құрылғылары - мыналармен жабдықталған физикалық нысандар:

- микроконтроллер (Arduino, ESP32, ESP8266, Raspberry Pi);
- сенсорлар (температура, ылғалдылық, жарық, қозғалыс және т.б.);
- орындаушы құрылғылары (релелер, сервоқозғалтқыштар, жарықдиодты шамдар).

Құрылғылар - IoT жүйесіндегі деректер көздері және басқару нүктелері. Олардың өзара әрекеттесуі автоматтандырудың негізі болып табылады.

2. Байланыс және желілік технологиялар. Заттар интернеті қосымшаларында деректерді беру үшін келесі технологиялар қолданылады:

- Wi-Fi, Bluetooth, Zigbee, LoRaWAN, NB-IoT;
- Желілік хаттамалар: TCP/IP, UDP.

Технологияны таңдау ауқымға, қуат тұтынуға және деректерді беру жылдамдығына қойылатын талаптарға байланысты.

3. Деректер алмасу хаттамалары. IoT қолданбалары мамандандырылған хаттамаларды пайдаланады:

- MQTT — жариялау-жазылу моделіне негізделген жеңіл хабар алмасу хаттамасы;
- HTTP/HTTPS — REST API үшін кеңінен қолданылады;
- CoAP — ресурстары шектеулі құрылғыларға арналған хаттама.

Бұл хаттамалар деректерді сенімді және тиімді беруді қамтамасыз етеді.

4. Платформа және сервер. IoT платформасы төмендегілер үшін бағдарламалық орта:

- деректерді қабылдау және сақтау;
- құрылғыларды басқару;
- визуализация және аналитика.

Мысалдар: ThingsBoard, Blynk, Firebase, AWS IoT, Azure IoT Hub.

5. Бұлттық технологиялар. Бұлттық технологиялар келесі мақсаттарда қолданылады:


- көп көлемді деректерді сақтау;
- қолданбаларды масштабтау;
- құрылғыларға қашықтан қол жеткізу және басқару.

Бұлттық технологиялар IoT жүйесінің тұрақтылығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

IoT қосымшасын дайындаудың негізгі ұғымдары аппараттық компо-

менттерді, желілік технологияларды, бағдарламалық жасақтаманы және деректерді өңдеу әдістерін қамтиды. Бұл тұжырымдамаларды меңгеру кешенді заттар интернеті шешімдерін жобалауға мүмкіндік береді және білім алушыларды робототехника, STEM білімі және сандық технологиялар бойынша оқытудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

2. Білім беру робототехникасына арналған жинақтар. Arduino немесе NodeMCU ESP8266 базасындағы жинақтар Заттар интернеті (IoT) технологияларын пайдаланып, ақылды үй элементтерін жасауға мүмкіндік береді. Жинақ оқушыларға және болашақ инженерлерге арналған, оларға Заттар интернеті (IoT), бағдарламалау, автоматтандыру және сенсорлармен және жетектермен жұмыс істеу негіздерін үйренуге мүмкіндік береді. Осындай жинақтардың бірі - Arduino Starter kit жинағы (сурет 1).



Сурет 1 — Arduino Starter kit жинағы

«Заттар интернеті (IoT)» бөлімі орта мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы информатика курсына 11 сыныптың оқу бағдарламасына енгізілген. Сондай-ақ, оқушылардың сыныптан тыс жұмыстарын ұйымдастыруда да осы білім беру робототехникасын оқыту бүгінгі таңда дамып келе жатқан бағыттардың бірі. Сондықтан, аталған жинақтар орта мектептерде сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруда кеңінен қолданыс тауып жатыр.

Заттар интернеті (IoT) технологияларын үйренуге арналған оқу жинақтарының төмендегідей жалпы мүмкіндіктерін атап өтуге болады:

- Заттар интернеті (IoT) негіздерін, бағдарламалауды, автоматтандыруды және сенсорлармен және жетектермен жұмыс істеуді үйрену мүмкіндігі;
- Программалау және біріктіру: Python, C/C++ немесе Arduino IDE немесе Node-RED арнайы платформаларда контроллерді программалауды жүзеге асыруды үйрену мүмкіндігі;

– Интернет-қосылу: қашықтықтан бақылау үшін контроллерді (мысалы, ESP8266 немесе ESP32) Wi-Fi модульдің көмегімен интернетке қосып, мәліметтерді бұлттық қоймаларға немесе веб-серверлерге жөнелтуді үйрену мүмкіндігі;

– Бұлттық сервистер және мәліметтер қоры: мобильдік қосымшалар немесе веб-интерфейстер арқылы шынайы уақытта өңделіп, көрсетілу үшін мәліметтерді сенсорлардан бұлттарға жіберуді үйрену мүмкіндігі.

Arduino негізі әртүрлі сенсорлар мен құрылғыларды қосуға арналған цифрлық және аналогтық кіріс/шығыстармен толықтырылған бағдарламаланатын микроконтроллері бар тақша болып табылады. Arduino әрбіреуге нақты әлеммен әрекеттесе алатын күрделілік деңгейі әртүрлі электрондық жобаларды жасауға мүмкіндік береді. Arduino жобаларына қатыса отырып, білім алушылар электронды компоненттерді эксперименттік тақшаға және Arduino тақшасына қосу, микроконтроллерді бағдарламалау, тестілеу және жөндеуден бастап, функционалдық жүйені, яғни аяқталған жобаны алуға дейін бүкіл процестен өте алады. Егер Arduino-ны білім беруде пайдалану педагогикалық тұрғыдан жақсы ойластырылған болса, Arduino нақты әлемдегі міндеттерді шешу үшін қолдану арқылы студенттердің есептік ойлауын және мәселелерді шешу дағдыларын жақсартуға мүмкіндік береді (Krelja et al., 2020).

Arduino жинақтарын сабақ үрдісінде қолдану кезінде мұғалімнің алдында көптеген жаңа міндеттер туындайды: барлық оқу материалдарын дұрыс жобалау және дайындау, қажетті бағдарламалық қамтамасыз етуді компьютерлерге орнату (Arduino IDE редакторы және т.б.), Arduino жинақтарымен жеткілікті түрде қамтамасыз ету, Arduino компоненттері мен тақшасының дұрыстығын жүйелі түрде тексеру (аппараттық құралдардың зақымдалуы жиі кездеседі) және т.б. Ал электронды компоненттерді Arduino тақшасына физикалық жалғау кейбір оқушыларға да қиындықтар тудыруы мүмкін, себебі, инженерлік жұмыстар жаңа өнім дайындаумен байланысты болғандықтан, шығармашылықты, зейінділікті, дәлдікті, логикалық ойлауды, есептер мен нақты ғылымдарға деген сүйіспеншілікті, шыдамдылықты, стресске төзімділікті, ұстамдылықты және т.б. қасиеттерді талап етеді.

3. Node-RED құралы. Node-RED – ағынды программалау құралы, оны бастапқыда IBM Emerging Technology Services командасы әзірлеген және ол қазіргі уақытта JS Foundation бөлігі болып табылады. Node-RED-тің негізгі компоненті ағынды бағдарламалау парадигмасы болып табылады, оны 70-ші жылдары Дж. Пол Моррисон ойлап тапқан. Ағынды бағдарламалау - бұл қосымшаның әрекетін қара жәшіктер желісі немесе «түйіндер» (Node-RED-те осылай аталады) түрінде сипаттау тәсілі. Әрбір түйіннің айқын мақсаты бар – оған белгілі бір деректер түседі, ол сол деректермен белгілі әрекеттер орындайды, содан кейін ол деректерді келесі түйінге береді. Желі түйіндер арасындағы деректер ағынына жауап береді. Бұл модель оны визуалды түрде ұсынуға жақсы сәйкес келеді. Егер біреу мәселені түсінуге тырысса, олар

тапсырманы жеке қадамдарға бөліп, ағынға қарап, оның не істейтінін түсіне алады және оған әрбір түйіндегі кодтың жеке жолдарын түсінудің қажеті жоқ. Node-RED құралы Node.js орындалу ортасында жұмыс істейді, ал ағынды жасау немесе өңдеу үшін браузер қолданылады. Браузерде қажетті түйіндерді (node) палитрадан жұмыс кеңістігіне сүйреп апарып, оларды бір-біріне қосу арқылы қосымшаны жасауға болады. «Deploy» батырмасын басу арқылы қосымша орындалу ортасына орналастырылады және іске қосылады (Medina-Pérez et al., 2021).

4. MQTT (Message Queue Telemetry Transport) хаттамасы. MQTT - заттар интернетінде қолданылатын танымал хаттамалардың бірі, қосымша деңгей хаттамасы. MQTT – өткізу қабілеті төмен, кідірісі жоғары немесе сенімсіз желілерде пайдалануға арналған жеңіл хабар алмасу хаттамасы, ол жариялаушы/жазылушы архитектурасымен жұмыс істейді. MQTT хаттамасында екі клиент бар, бірі – жариялаушы (Publisher), екіншісі – жазылушы (Subscriber). MQTT брокері MQTT клиенттері арасында хабар алмасу үшін орталық хаб ретінде әрекет ететін сервер болып табылады. MQTT клиенттері MQTT көмегімен бір-бірімен байланысатын құрылғылар, сенсорлар немесе қолданбалар болуы мүмкін. MQTT брокері MQTT клиенттерінен хабарламаларды алады және олар жазылған тақырыптар арқылы оларды басқа клиенттерге жібереді. Брокер хабарламалардың дұрыс клиенттерге жеткізілуін және хабарды жеткізудің сенімді және тиімді болуын қамтамасыз етеді. MQTT брокерлерін әртүрлі Заттар интернеті және M2M (Machine-to-Machine) қолданбаларында қолдануға болады. MQTT хаттамасының жеңіл сипаты оны осы қолданбалар үшін тиімді етеді, себебі ол өңдеу қуаты мен жады шектеулі шағын құрылғыларда жұмыс істей алады (Kazhenova, et al., 2022).

5. NodeMCU ESP8266. NodeMCU ESP8266 - Wi-Fi желісін құру үшін толық және дербес шешім ұсынатын, кірістірілген Wi-Fi мүмкіндіктері бар толық функционалды микроконтроллер. Бұл жобалардың кең ауқымында, әсіресе Заттар интернетімен (IoT) байланысты жобаларда пайдалануға арналған, құны төмен, қуаты аз және өте әмбебап микроконтроллер тақшасы. NodeMCU ESP8266 сипаттамалары: қолжетімді (көбінесе 2 доллардан төмен), ықшам өлшемді, төмен қуат тұтыну (батареямен жұмыс істейтін қолданбалар үшін жарамды), әмбебап (көптеген IoT қолданбалары үшін дербес шешім), бай экожүйе (дамыту құралдарының, кітапханалардың және қауымдастықтың қолдауы бар экожүйелер). Сонымен қатар, NodeMCU ESP8266 студенттер мен жаңадан бастағандарды ендірілген жүйелермен және IoT әлемімен таныстыратын құнды білім беру құралына айналды. Оның төмен құны мен пайдаланудың қарапайымдылығы оны Wi-Fi желілерін, сенсорлар интеграциясын және IoT архитектурасының негіздерін үйрену үшін қолайлы платформаға айналдырады.

6. Демонстрациялық тәжірибелер. Демонстрациялық тәжірибелер - бұл студенттер мен мектеп оқушыларының түсінігін арттыру үшін, мысалы,

дәрістерде, көбінесе арнайы жабдықтарды немесе бейнежазбаларды пайдалана отырып, білім беру мақсаттарында физикалық құбылыстарды, заңдарды және принциптерді көрсететін көрнекі эксперимент немесе тәжірибе. Бұл физиканы оқытуда қолданылатын маңызды дидактикалық әдіс. Демонстрациялық тәжірибе - абстрактілі ұғымдарды көрнекті және түсінікті етеді. Демонстрациялық тәжірибелердің әртүрлі мақсатта жасалады: белгілі бір құбылысты бақылау; гипотезаны тексеру; физикалық заңдарды анықтау және олардың салдарын тексеру; негізгі физикалық ұғымдарды әзірлеу; заңдардың, гипотезалардың және теорияның мәнін ашу; оқушыларды есептерді шешу эксперименттері арқылы жаңа материалды түсінуге дайындау; техникалық қондырғылардың, құрылғылардың жұмыс принциптерін және технологиялық процестердің мәнін түсіндіру (Belousova, 2023).

Демонстрациялық тәжірибелерді жүргізуге қойылатын талаптар бар, мысалы, мұғалімнің дайындығы: орнату қарапайым болуы, үстелде артық заттар болмауы және түсінікті болу үшін жарықтандыру немесе индикаторлар қолданылуы, орындалатынына сенімділік болуы, қауіпсіздік ережелерінің сақталуы керек және т.б.

Тәжірибенің тиімділігіне белгілі бір талаптарды сақтау арқылы қол жеткізуге болады.

1. Мазмұндылық: заттар мен құралдарды таңдауды және құбылыстардың мәнін толық ашуға мүмкіндік беретін жағдайлар жасауды қарастырады.

2. Сенімділік: тәжірибе қоюдың нәтижелерінің бірімәнділігін, сенімділігін және шынайылығын анықтайды; яғни, бұл нәтижесі күмән туғызбайтын тәжірибенің нұсқасын орнатуды білдіреді.

3. Көрінуі: сыныптағы әрбір оқушыға тек орнатуды ғана емес, сонымен қатар оның маңызды бөліктерін де көруге мүмкіндік беретін жағдайлар жасауды қамтиды.

4. Көрнектілік: бақыланып құбылыстың мәні ең айқын, мінсіз және анық түрде ашылуы керек деген талап. Эксперименттің мазмұны қарапайым құралдар мен әдістерді қолдану арқылы көрсетілуі және жеткілікті түрде байқалатын болуы керек.

5. Көз жеткізу: тәжірибенің бөліктеріне де, қорытындыларына да күмән болмайтындай «таза» түрде жүргізілуі керек.

6. Қысқа мерзімділік: демонстрациялық тәжірибенің оңтайлы ұзақтығын анықтауды, сондай-ақ тәжірибенің орындалу уақытын мүмкіндігінше азайтуды қарастырады.

7. Қайта орындалуы: тәжірибенің қайта орындалу мүмкіндігін анықтайды. Тәжірибені бастапқыда көрсетілген нұсқада қайталау және тәжірибені аздап өзгертілген нұсқада қайталау мүмкіндіктері, тәжірибенің өзгергіштігі болып табылады және зерттелетін құбылыстың немесе процестің мәнін тереңірек ашуға көмектеседі.

8. Сенімділігі: тәжірибенің демонстрация кезіндегі табыстылығын болжайды.

9. Эстетика: қондырғының көзартымды безендірілуін және тәжірибенің рационалды орындалуы. Әсем дизайнға белгілі бір логиканы сақтай отырып, әртүрлі құралдарды (баяу, жарықтандыру және т.б.) қолдану арқылы құралдарды шебер таңдау және орналастыру арқылы қол жеткізіледі.

10. Эмоционалдылық: көрсетілген тәжірибенің студенттердің эмоциясына әсерін көрсетеді. Тәжірибе студенттердің қызығушылығын оятуға арналған.

11. Қауіпсіздік: кез келген демонстрация үшін қауіпсіздік шараларын сақтау міндетті талап болып табылады.

Демонстрациялық тәжірибелер зерттеліп жатқан құбылысты белсенді қабылдау мүмкіндігін толық қарастырмайды және олар тек бақыланатындықтан, әрқашан тиімді білім бермейді. Сонымен қатар, демонстрациялық тәжірибелер студенттерге қажетті практикалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік бермейді, сондықтан оларды оқу эксперименті бойынша қосымша тапсырмалармен және т.б. толықтыру қажет.

Осы жұмыста орта мектептің информатика курсына «Заттар интернеті (IoT)» тақырыбын оқыту барысында қолданылатын «Заттар интернеті қосымшасы» білім беру ресурсы дайындалды. Node Red құралы, NodeMCU ESP8266 микроконтроллері және DHT11 температура мен ылғалдылық сенсоры модулімен дайындалған Заттар интернеті (IoT) қосымшасында құрылғылар арасында хабар алмасу үшін MQTT хаттамасы қолданылады. Бұл қосымша заттар интернеті қосымшасының, хаттамалардың, сенсорлардың жұмысын айқын көрсететін білім беру ресурсы болып табылады.


IoT платформасы ретіндегі Node-Red арқылы ESP8266 тақшасынан алынған MQTT негізіндегі хабарламаларды интернетке жариялау келесі кезеңдерден тұрады:

1. NodeMCU ESP8266-ның DHT11-мен әрекеттесуі;
2. NodeMCU ESP8266 бағдарламалау;
3. MQTT серверін орнату және іске қосу;
4. MQTT қызметі үшін Node-Red конфигурациялау;
5. MQTT қызметін жариялау.

Ең алдымен, NodeMCU ESP8266 модуліне DHT11 сенсорын қосу орындалды. NodeMCU ESP8266 және DHT11 арасындағы аппараттық байланыс орнатылғаннан кейін келесі кезең - NodeMCU ESP8266 үшін бағдарлама жазу болып табылады. Бағдарлама DHT11 модулінен ылғалдылық пен температура деректерін оқиды және деректерді WiFi арқылы MQTT серверіне жібереді. DHT.h кітапханасы арқылы DHT11 модуліне қосылу және ылғалдылық пен температура деректерін алу, ESP8266WiFi.h кітапханасы арқылы WiFi-маршрутизаторына қосылым орнату орындалды. Сондай-ақ, WiFi клиентін жасау және MQTT серверіне DHT11 ылғалдылық пен температура деректерін жіберу керек. Клиент PubSubClient.h кітапханасы арқылы жасалды. Бағдарлама Arduino IDE ортасында жинақталып, NodeMCU ESP8266 тақшасына жүктелді.

Келесі кезең - MQTT серверін орнату және іске қосу. Мұнда Windows

жүйесінде Mosquitto MQTT сервер/клиент қосымшасы пайдаланылды. Mosquitto MQTT хаттамасын жүзеге асыратын, ашық бастапқы коды бар хабарлама брокері, бір тақталы компьютерлерден бастап үлкен серверлерге дейін барлық құрылғыларда пайдалануға болады (Каженова, т.б., 2022). Windows операциялық жүйесі бар дербес компьютерде Mosquitto брокері орнатылып, командалық-жол интерфейсі арқылы Mosquitto MQTT сервері іске қосылды (сурет 2).



```
Microsoft Windows [Version 10.0.26100.3775]
(c) Корпорация Майкрософт (Microsoft Corporation). Все права защищены.


C:\Users\Админ>cd..
C:\Users>cd..
C:\>cd program files
C:\Program Files>cd mosquitto
C:\Program Files\Mosquitto>mosquitto -v
1744828795: mosquitto version 2.0.21 starting
1744828795: Using default config.
1744828795: Starting in local only mode. Connections will only be possible from clients running on this machine.
1744828795: Create a configuration file which defines a listener to allow remote access.
1744828795: For more details see https://mosquitto.org/documentation/authentication-methods/
1744828795: Opening ipv4 listen socket on port 1883.
1744828795: Opening ipv6 listen socket on port 1883.
1744828795: mosquitto version 2.0.21 running
```

Сурет 2 — Mosquitto MQTT серверін іске қосу

Келесі кезең - MQTT брокері арқылы жариялау үшін Node-Red ортасын конфигурациялау. Ол үшін жаңа ағынды бастап, екі `mqttn_in` түйінін және екі `gaug` түйінін пайдаланамыз:

– `mqttn_in` (`mqttn` кірісі) түйіні MQTT тақырыптарына жазылады және брокерден хабарламалар алады. Хабар жазылған тақырыпқа жарияланған кезде, `mqttn_in` түйіні іске қосылады және одан әрі өңдеу үшін алынған хабарды ағынның келесі түйіндеріне жібереді. Мұнда `mqttn_in` түйіндерін баптау кезінде `Server` (Сервер) өрісін `localhost:1883` етіп, `Action` (Әрекет) өрісін жалғыз тақырыпқа жазылу күйіне орнатамыз, `Topic` (Тақырып) өрісін сәйкесінше `dht11/humidity` және `dht11/temperature` етіп орнатамыз. Екеуі үшін де `QoS` (қызмет көрсету сапасы) 1 ретінде көрсетеміз.

– Мониторинг тақтасының `gaug` (өлшеуіш) түйіні саймандар тақтасына көрсеткіш диаграммасын қосады. Оны теңшелетін түрлермен (жартысы, 3/4), стильдермен (дөңгелектелген, ине) және сегментациямен теңшеуге болады. `Gauge` (өлшеуіш) түйіндері үшін қалташа мен топ атауын көрсету керек болады. Осы топта ылғалдылық және температура түйіндерін орнатамыз, сондай-ақ, түйіндердің өлшемі, мәндер форматын және т.б. баптауларды орындаймыз (сурет 3).



Сурет 3 — Node-Red түйіндерін орнату және баптау

Соңғы кезең - MQTT қызметін жариялау. Осы кезеңде mosquitto MQTT қызметі жариялануға дайын. NodeMCU ESP8266 ылғалдылық пен температура деректерін MQTT брокеріне жібереді, біз бұл деректерді Node-Red түйіндерінде mqtt көмегімен оқимыз және оны Node-Red IoT жүйесі арқылы интернетке жариялаймыз.

Осы дайындалған «Заттар интернеті қосымшасы» білім беру ресурсы жалпы заттар интернеті қосымшасының дайындалу кезеңдерін және оның жұмысын демонстрациялайтын құрал болып табылады.

Демонстрациялық әдіс STEM білім беру аясында «Робототехника және Заттар интернеті (ЗТ)» тақырыбын оқытуда ерекше орын алады, себебі ол киберфизикалық жүйелердің жұмыс істеуінің негізінде жатқан күрделі техникалық және абстрактілі процестерді көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Робототехника, бағдарламалау, электроника және желілік технологияларды интеграциялау аясында демонстрация тиімді дидактикалық құрал ретінде қызмет етеді, оқу материалын мағыналы түсінуді және зерттелетін құбылыстарды тұтас түсінуге ықпал етеді.

«Заттар интернеті қосымшасы» білім беру ресурсы жалпы «Заттар интернеті (IoT)» тақырыбын оқытуда демонстрациялық әдіс сенсорлардың, атқарушы механизмдердің, микроконтроллерлердің және желілік деректерді беру хаттамаларының жұмысын көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл студенттердің инженерлік және алгоритмдік ойлауын дамыту үшін маңызды құрал болып табылады.

Осы зерттеу жұмысының бірінші мақсаты – «Заттар интернеті қосымшасы» білім беру ресурсы дайындау және ұсыну болса, келесі мақсаты - осы ресурсты қолдану арқылы жүргізілген демонстрациялық тәжірибенің STEM білім берудегі рөлін білім алушылар тұрғысынан зерттеу болды. Соңғы мақсат бойынша зерттеу жұмысының барысында зерттеу сұрағы анықталды:

«Заттар интернеті қосымшасы» білім беру ресурсын оқу үрдісіне қолдану барысында білім алушылардың STEM оқу нәтижелеріне қалай әсер етті?

Экспериментке 34 білім алушы қатысты: Шәкәрім университетінің Физика және информатика кафедрасының 6B01507 «Информатика және робототехника» білім беру бағдарламасының 16 студенті және Математика кафедрасының 6B01502 «Математика-Информатика» білім беру бағдарламасының 18 студенті қатысты.

Қатысушылар келесі критерийлер бойынша алынды:

– Информатика мамандығы бойынша оқитын білім алушылар (білім беру робототехникасына қызығушылық танытатын студенттер);

– Білім алушылар мектептен енді ғана келген 1 курс білім алушылары (мектептің информатика курсын жаңа аяқтаған білім алушылар);

– Білім алушылар эксперименттің тақырыбымен таныс емес.

Эксперимент 2024 жылдың желтоқсан айында Физика және информатика кафедрасының «Робототехника» зертханасы жанында өткізілді. «Заттар интернеті қосымшасы» білім беру ресурсын қолдана отырып сабақтар өткізілді. Көлемі 4 сағат. Сабақтардың тақырыптары мен қысқаша сипаттамалары келесі 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1 — «Заттар интернеті қосымшасы» білім беру ресурсын қолданып өткізген сабақтардың тақырыптары

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
1.	Заттар интернеті дегеніміз не? Заттар интернеті (IoT) тұжырымдамасы және қолданылу салалары. IoT жүйесінің архитектурасы: құрылғы, желі, сервер және қосымша деңгейлері. Заттар интернетінде (IoT) аппараттық және бағдарламалық компоненттердің өзара әрекеттесуі.	1
2.	Заттар интернеті қосымшасын дайындауға қажетті заттар мен құралдар. Заттар интернеті аппараттық платформасы: ESP8266 микроконтроллері: мақсаты, сипаттамалары және Wi-Fi мүмкіндіктері; Сенсорлар мен орындаушы құрылғылар қосу; Схеманы жобалау. Заттар интернеті құрылғыларын бағдарламалау: ESP8266 (Arduino IDE) үшін әзірлеу орталары. Микроконтроллердің микробағдарламасын жүктеу және жөндеу; Сенсор деректерін жасау және жіберу. Деректер алмасу хаттамалары: IoT желісіндегі мақсат пен принциптер; MQTT хаттамасы: жариялаушы-жазылушы моделі; MQTT брокері және хабарлама тақырыптары. Деректерді өңдеу және визуализация құралдары: Node-RED бағдарламасының мақсаты мен мүмкіндіктері; Деректер ағындарын визуалды бағдарламалау; Басқару тақтасын жасау.	1
3.	«Заттар интернеті қосымшасы» ресурсын пайдаланып демонстрациялық тәжірибе жүргізу. Демонстрациялық эксперимент мәселесін қою. ESP8266 құрылғысын Wi-Fi желісіне қосу. ESP8266 құрылғысынан MQTT хаттамасы арқылы деректерді жіберу. Node-RED бағдарламасында хабарламаларды қабылдау және өңдеу. "Заттар интернеті қосымшасындағы" деректерді визуализациялау. Нәтижелерді талдау және IoT жүйесінің жұмыс принциптерін талқылау.	2

Эксперименттік оқыту барысында білім алушылардың жас ерекшеліктері (мектептің жоғарғы сынып оқушылары емес, ЖОО-ның 1 курс студенттері), қызығушылықтары (информатика мамандығын таңдаған білім алушылар екендігі) ескеріле отырып, 4 сағаттық оқыту ұйымдастырылды. Сабақтардың соңында экспериментке қатысушы білім алушылардан сауалнама алынды. Сандық деректерді жинау үшін жабық сұрақтар берілді. Жабық сұрақтарға жауап алу үшін 5 баллдық Лайкерт шкаласы қолданылды (толық келісемін – 5; келісемін – 4; бейтарап – 3; келіспеймін – 2; мүлдем келіспеймін – 1).

Сауалнаманы келесі 10 сұрақ құрады:

- Өткізілген сабақтар пайдалы болды деп есептеймін;
- Сабақтар барысында «Заттар интернеті (IoT)» тақырыбы бойынша негізгі ұғымдармен танысу арқылы білімім толықтырылды;
- «Заттар интернеті қосымшасы» ұғымымен мен алғаш рет таныстым;
- Микроконтроллер, датчиктер мен актуаторларды алғаш рет танысып, ұстап көрдім;
- «Заттар интернеті қосымшаларын» дайындауға қажетті заттар мен құралдарды (ESP8266 микроконтроллері, MQTT хаттамасы, Node-RED құралы) алғаш рет көріп, таныстым;
- Демонстрация пайдалы болды;
- Демонстрация барысында «Заттар интернеті қосымшасының» қалай қызмет атқаратыны түсінікті болды;
- Осы тақырыпта тағы да тәжірибе жасалғанын қалаймын.
- Осындай Заттар интернеті қосымшасын өзім дайындағым келеді.
- Осы тақырыпты тереңірек түсінгім келеді.


Осы сауалнама арқылы білім алушылардың 4 сағат көлемінде өткізілген сабақтарда «Заттар интернеті қосымшасы» білім беру ресурсының эксперимент қатысушыларына қандай әсер қалдырғанын анықтауға арналды.

Нәтижелер. Білім беру робототехникасы білім алушыларға практикалық және тәжірибелік оқу мүмкіндіктерін беретін интерактивті оқу ортасын ұсынады. Роботтарды бағдарламалаудың артықшылығы - ол студенттерге роботтың мақсатына сай әрекет етіп жатқаны туралы дереу кері байланыс береді. Бұл студенттерді роботтың неге белгілі бір жолмен әрекет ететініне, сұрақтар қоюға, шешімдерді іздеуге және мәселелерді шешуге ынталандырады (Yolcu et al.,2023).

Білім беру робототехникасы әзірленген кодтардың шығысын тек компьютер экранында ғана емес, сонымен қатар физикалық роботта көрсету мүмкіндігі студенттерге астрактілі ұғымдар мен код құрылымдарын нақтылауға көмектеседі. Бұл олардың бағдарламаланған қолданбаларының нақты әсерін бірден көруге мүмкіндік беру арқылы олардың мотивациясына оң әсер етеді. Осы тұрғыдан алғанда білім беру робототехникасында физика пәнін оқытуда қолданылатын физикалық эксперимент әдісін тиімді қолдануға болады. Физикалық эксперимент – оқытудың ең нәтиже беретін, ең әсер етуші әдістерінің бірі. Ұйымдастыру формасына қарай оқу эксперименттері

зертханалық, демонстрация, физикалық шеберхана және т.б. бөлінеді. Физикалық эксперимент негізгі дидактикалық принциптердің бірі – көрнекі оқытуды жүзеге асырады (Belousova, 2023).


Зерттеу жұмысында ұсынылып отырған «Заттар интернеті қосымшасы» атты білім беру ресурсын физикалық эксперимент әдісінің физикалық демонстрация формасын жүзеге асыру үшін тиімді қолдануға болады. Заттар интернеті (IoT) қосымшасында ноутбук негізінде құрылғыларды қашықтықтан сымсыз басқару жүзеге асырылады. Құрылғы ретінде DHT11 температура мен ылғалдылық сенсоры модулі жалғанған NodeMCU ESP8266 микроконтроллері алынды (сурет 4). Құрылғы ретінде алынған NodeMCU ESP8266 микроконтроллеріне басқа да сенсорларды қосып (жарық, дыбыс және т.б. сенсорлар мен атқарушы механизмдер), шынайы уақыт режимінде сенсорлардан алынған деректерді көру үшін немесе атқарушы механизмдерге сигналдар жіберу үшін Node-Red құралы қолданылады. ESP8266 микроконтроллерінің Wi-Fi модулі арқылы ноутбукпен байланыс жасау үшін MQTT хаттамасы қолданылды. Осы заттар интернеті қосымшасын әзірлеу барысы оқу процесінде білім алушылар үшін физикалық демонстрацияны ұйымдастыруға жақсы көрнекілік болып табылады.



Сурет 4 — DHT11 температура мен ылғалдылық сенсоры модулі жалғанған ESP8266 микроконтроллері

Сенсорлар Индустрия 4.0-нің маңызды құрамдас бөліктері болып табылады, өйткені олар әртүрлі әдістер мен құрылғыларды қосады, бұл әр нысандағы жабдықтар мен жүйелерді бақылау үшін бірнеше машиналарға өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді (Rosário, et al., 2023). Сондықтан сенсорлардың жұмысын шынайы уақыт режимінде көрсету маңызды болып табылады. Сенсорлардың жұмысын шынайы уақыт режимінде бақылап отырған білім алушы сенсорлардың жұмысымен тереңірек танысады, олардан алынған деректердің маңыздылығы мен қолданысын тереңірек түсінеді. Теориялық тұрғыдан берілген ақпараттан қарағанда, практикалық тұрғыдан бақылаған физикалық демонстрацияның маңызы зор. NodeMCU ESP8266 микроконтроллерінен алынған DHT11 температура мен ылғалдылық

сенсорының деректері Node-Red құралының басқару панелінен көрсетіледі (сурет 5). Мұнда білім алушылардың DHT11 сенсорына арнайы температура мен ылғалдылық жағынан тікелей әсер етуінен (оқушының әдейі үрлеуі) өзгерген Node-Red басқару панеліндегі индикатордың 3 түрлі күйі көрсетілген.



Сурет 5 — Node-Red басқару панеліндегі индикатордың өзгеруі

Ұсынылған «Заттар интернеті қосымшасы» білім беру ресурсы сенсорлардан алынған деректерді шынайы уақыт режимінде бақылаудан өзге де бірқатар мүмкіндіктерді ұсынады. Мысалы, ESP8266 микроконтроллерінің жұмысын көру, оның кіріктірілген Wi-Fi модулімен танысу, хаттамалармен танысу және жұмыс істеп көру және т.б.

Зерттеу жұмысы барысында дайындалған және ұсынылған «Заттар интернеті қосымшасы» тақырыбындағы білім беру ресурсын қолдана отырып, білім алушыларға өткізілген эксперименттік сабақтардан соң экспериментке қатысушылардан алынған сауалнама нәтижесінде барлық пункттер бойынша жалпы орташадан жоғары балл (4,35 балл) алынды. Сауалнама нәтижесі 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 2 — Сауалнама нәтижесі

№	Сұрақ	Орташа балл
	Өткізілген сабақтар пайдалы болды деп есептеймін;	5,00
	Сабақтар барысында «Заттар интернеті (IoT)» тақырыбы бойынша негізгі ұғымдармен танысу арқылы білімім толықтырылды;	4,72
	«Заттар интернеті қосымшасы» ұғымымен мен алғаш рет таныстым;	4,05
	Микроконтроллер, датчиктер мен актуаторларды алғаш рет танысып, ұстап көрдім;	3,05

«Заттар интернеті қосымшаларын» дайындауға қажетті заттар мен құралдарды (ESP8266 микроконтроллері, MQTT хаттамасы, Node-RED құралы) алғаш рет көріп, таныстым;	4,89
Демонстрация пайдалы болды;	5,00
Демонстрация барысында «Заттар интернеті қосымшасының» қалай қызмет атқаратыны түсінікті болды;	5,00
Осы тақырыпта тағы да тәжірибе жасалғанын қалаймын.	4,12
Осындай Заттар интернеті қосымшасын өзім дайындағым келеді.	3,85
Осы тақырыпты тереңірек түсінгім келеді.	3,85
Жалпы орташа балл	4,35

Талқылау. Жалпы алғанда, білім алушылар «Заттар интернеті қосымшасы» білім беру ресурсына және сабақта қолданылған демонстрациялық тәжірибеге оң көзқарастарын білдірген. Пункттер бойынша алатын болсақ 5-сұрақтың орташа баллы – 3,05. Бұл студенттердің білім беру робототехникасы жинақтарымен мектеп курсынан таныс екендігін көрсетеді. Келесі төменірек баллдар 9 және 10 сұрақтар бойынша алынған нәтиже (3,85 балл) білім алушылардың қызығушылығының деңгейін білдіреді. Бұл жерде Заттар интернеті қосымшасын дайындау айтарлықтай күрделі тақырып болғандықтан және де демонстрациялық тәжірибенің осы тақырыпты толық түсінуіне жеткіліксіздігі айқын көрінеді деп есептейміз.

Сонымен қатар, білім алушылар «Заттар интернеті қосымшасы» атты білім беру ресурсын өте қызықты әрі пайдалы деп тапты және осы тақырыпта көбірек білуге қызығушылық танытты. Олар сондай-ақ, STEM білім беруді дамытуға ықпал ететін «Заттар интернеті» тақырыбы туралы оң пікірлер білдірді. Олар Заттар интернеті құралдарын пайдаланып, нақты мәселелерді шешуге болатынын, инженерлік жобалау дағдыларының маңызды екенін жақсырақ түсінді.

Әрине, Заттар интернеті шешімдері инженерлік жобалау дағдысын талап ететін күрделі әрі қызықты тақырып. Сондықтан, білім алушыларға осы тақырыптағы демонстрациялық тәжірибе арқылы берілген мәліметтерді бекіту және дамыту мақсатында тағы да бірнеше тәжірибе жасап көрсетіп, нақты тапсырмалар орындату арқылы әдістемені жетілдіру қажет. Болашақтағы зерттеулерімізде аталған мәселерді қарастырамыз деген сенімдеміз.

Қорытынды. Демонстрациялық тәжірибелер білім алушыларға құбылыстардың жүруін, процестердің ағынын және құрылғылардың көрсеткіштерін бақылау арқылы физикалық құбылыстың мәнін түсінуге мүмкіндік береді. Бір мезетте студенттер қондырғылардың құрылымын, құрылғылардың жұмыс істеу және әрекет ету принциптерін зерттейді. Мұғалім демонстрациялық эксперименттер жасай отырып, олардың қабылдауына басшылық жасайды, нәтижелерді тұжырымдайды және талдау жасайды (Kislyakova, и др., 2023). Оқушылардың жаңа материалды меңгеруіне байланысты көрсетуге болатын барлық демонстрациялық тәжірибелерді үш негізгі топқа бөлуге болады:

– құбылыс туралы бастапқы түсінік беретін демонстрациялық тәжірибелер;

– денелер мен құбылыстардың қасиеттерін зерттеуге мүмкіндік беретін демонстрациялық тәжірибелер;

– құбылыстардың немесе қасиеттердің қолданылуын көрсететін демонстрациялық тәжірибелер.

STEM тәсілі аясында демонстрациялық тәжірибе теория мен практика арасындағы байланыстырушы рөл атқарады. Ол физикадан (сенсорлар мен орындаушы құрылғылардың жұмыс принциптері), математикадан (алгоритмдер, деректерді өңдеу), информатикадан (бағдарламалау, желілер) және технологиядан (дизайн және прототиптеу) білімдерді біріктіреді. Демонстрациялық әдіс білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырады және оларды практикалық және жобалық тапсырмаларға дайындайды.

Сонымен қатар, демонстрациялық әдіс STEM білім беруде жобалық және зерттеуге негізделген оқытуды дамытуда маңызды рөл атқарады. Бұл сыни ойлау, талдау және жобалау дағдыларын дамыту үшін жағдай жасайды. «Робототехника және заттар интернеті» тақырыбын оқытуда демонстрациялық тәжірибе STEM тәсілін енгізудің маңызды педагогикалық құралы болып табылады.

Осы жұмыста ұсынылған «Заттар интернеті қосымшасы» білім беру ресурсын осы демонстрациялық тәжірибе кезінде қолдануға болады. Нақтырақ айтқанда, осы ресурс төмендегідей мүмкіндіктерді береді:

– Сенсорлар мен атқарушы механизмдердің жұмысын визуалдандыру арқылы шынайы уақыт режимінде бақылау мүмкіндігі; сенсорларға және атқарушы механизмдерге тікелей әсер ету арқылы эксперимент жасап көру мүмкіндігі;

– NodeMCU ESP8266 микроконтроллерінің жұмысын бақылау; Arduino IDE арқылы қажетті кітапханаларды қосу, қажетті операторларды таңдап, код жазу және микроконтроллерге кодты жүктеу сияқты нақты әрекеттерді бақылау мүмкіндігі;

– NodeMCU ESP8266 микроконтроллерінің Wi-Fi модулімен танысу және оған қажетті кітапханамен жұмыс істеу мүмкіндігі;

– Заттар интернетінде қолданылатын хаттамалардың бірі – MQTT хаттамасымен жұмыс істеу, оған қажетті кітапханаларды қосу, серверді орнату және іске қосу сияқты әрекеттермен танысу мүмкіндігі;

– Node-Red құралының мүмкіндіктерімен танысу, MQTT хаттамасының хабарламаларына жазылу үшін Node-Red ортасын конфигурациялауын бақылау мүмкіндігі;

– Жалпы «Заттар интернеті қосымшасы» ұғымымен танысу, нақты мысалын көру, жасалу кезеңдерін бақылау мүмкіндігі.

Arduino немесе NodeMCU ESP8266 негізіндегі білім беру робототехникасына арналған жинақтармен жұмыс істеу кезінде жобаларды аяқтау үшін уақыт шектеулі болғандықтан, оқу үрдісінде жобалық-зерттеу әдісін

қолдану ұсынылады. Дегенмен, Заттар интернетіне байланысты жаңа ұғымдарды меңгеру кезінде оқушыларда әртүрлі қиыншылықтар туындап, ынта-жігерлерінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Сондықтан Заттар интернетіне байланысты демонстрациялық тәжірибелерді көрсетіп, оларға оқушыларды қатыстыру маңызды болып табылады. Алдағы уақыттағы зерттеулерімізде Arduino немесе NodeMCU ESP8266 негізіндегі білім беру робототехникасына арналған жинақтармен жасалатын демонстрациялық тәжірибелерді басқа да мүмкіндіктерін көрсету арқылы толықтырып, толыққанды оқу кешенін дайындауды мақсат етіп отырмыз.

References

- Aslam S., Alghamdi A.A., Abid N., Kumar T. (2023) Challenges in Implementing STEM Education: Insights from Novice STEM Teachers in Developing Countries. *Sustainability*, 15. — 14455 p. (in English)
- Belousova A.S. (2023) Obuchenie texnologii interneta veshhej na urokax informatiki v shkole posredstvom metoda problemnogo obucheniya. [Teaching Internet of Things technology in computer science lessons at school using the problem-based learning method]. *Bulletin of Moscow State Pedagogical University. Series "Informatics and informatization of education"*, 1(63). — P. 132–143. DOI: 10.25688/2072-9014.2023.63.1.11 (in Russian)
- Davis E.A., Palincsar A.S., Smith P.S., Arias A.M., & Kademian S.M. (2017) Educative curriculum materials: Uptake, impact, and implications for research and design. *Educational Researcher*, 46(6). — P. 293-304 (in English)
- Dong Y., Wang J., Yang Y. (2020) Understanding intrinsic challenges to STEM instructional practices for Chinese teachers based on their beliefs and knowledge base. *IJ STEM Ed* 7. — P. 47 (in English)
- Ejiwale J. (2013) Barriers to successful implementation of STEM education. *Journal of Education and Learning*. Vol.7 (2)77 — P. 63–74. (in Eng.)
- Kazhenova Zh.S., Kenzhebaeva Zh.E., Prudnik A.M. (2022) MQTT (Telemetria habarlamalary kezegin tasymaldau) hattamasynyñ qauipsızdıq mehanizmderi. [Security mechanisms of the MQTT (Message Queue Transport Telemetry) protocol.] *Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. "Series of physical and mathematical sciences"*. Article.. — No. 3 (in Kazakh)
- Kazhenova Zh.S., Kenzhebaeva Zh.E. (2022) «Bezopasnost` v protokolax i texnologiyax IoT: obzor» ["Security in IoT Protocols and Technologies: An Overview"]. *International Journal of Open Information Technologies* ISSN: 2307-8162 vol. 10, no. 3 (in Russian)
- Karaev Zh.A., Beisembaev G.B., Mazbaev O. (2022) Didakticheskie voprosy` razvitiya sistemy` obrazovaniya na osnove STEM-podxoda [Didactic Issues of Developing an Education System Based on the STEM Approach], *Bilim – Education*. — №1. — P. 5-15 (in Russian)
- Kislyakova O.P., Snezhkina L.P., Voronina M.A. (2023) Demonstracionny`j e`ksperiment kak istochnik znaniy obuchayushhixsya [Demonstration Experiment as a Source of Students' Knowledge], *Problems of Modern Pedagogical Education*. — №81-4. — P. 125-128 (in Russian)
- Konsepsia STEM-obrazovaniya. [The concept of STEM education]. — Astana: NAO named after Y. Altynsarin, 2023. — 16 p. (in Russian)
- Krelja Kurelovic E., J. Tomljanovic, M. Kralj (2020) Students' attitudes about learning on arduino projects, *INTED2020 Proceedings*. — P. 125-129. (in Eng.)
- Lindahl B. (2003) Pupils' responses to school science and technology? A longitudinal study of pathways to upper secondary school. *Göteborg Studies in Educational Sciences*, 196. — P. 1–18. (in English.)
- Leung A. (2020) Boundary Crossing Pedagogy in STEM Education. *Int. J. STEM Educ.* 7, 15. (in English)

Medina-Pérez A., Sánchez-Rodríguez D., and Alonso-González I., (2021) An Internet of Thing Architecture Based on Message Queuing Telemetry Transport Protocol and Node-RED: A Case Study for Monitoring Radon Gas Smart Cities, vol. 4, no. 2. — P. 803–818, May 2021, doi: 10.3390/smartcities4020041 (in English)

Restrukturizatsia soderjania srednego obrazovania na osnove STEM-tehnologii [Restructuring the content of secondary education based on STEM technology]. National Academy of Education named after I. Altynsarin, 2022. — 120 p. (in Russian)

Rosário, A.T.; Dias, J.C. (2023) How Industry 4.0 and Sensors Can Leverage Product Design: Opportunities and Challenges. *Sensors*, 23, 1165. (in English)

Yolcu V., & Demirer V. (2023) The effects of educational robotics in programming education on students' programming success, computational thinking, and transfer of learning. *Computer Applications in Engineering Education*, 31(6). — P. 1633–1647 (in English)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Ответственный редактор **А. Ботанкызы**

Редакторы: **Д.С. Аленов, Т. Апендиев**

Верстка на компьютере: **Г.Д. Жадырановой**

Подписано в печать 27.02.2026.

46,0 п.л. Заказ 1.